



SARKAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sarkan-gazeta.kz

• e-mail: Igiman01@mail.ru

• №14 (95119) 11 сәуір 2025 ж.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Аманғали Бердалин Жетісу облысына іссапармен келді



Іссапардың басты мақсаты – өңірдің аграрлық саласындағы қазіргі жағдаймен танысу, ауыл шаруашылығын қолдау мен дамыту шараларын талқылау болды.

Шаруалармен кездесуде ауыл шаруашылығы вице-министрі Аманғали Бердалин Жетісу облысы Қазақстанның ауыл шаруашылығында маңызды орын алатынын атап өтті. Өңірдің жалпы өңірлік өніміндегі ауыл шаруашылығының үлесі шамамен 15,2%-ды құрайды.

2025 жылға қарай Қазақстан бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарының болжамды егіс көлемі 23,7 млн гектарды құрайды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 412,6 мың гектарға артық. Жетісу облысында бұл көрсеткіш 510,7 мың гектарды құрайды.

Егіс жұмыстарына қажетті тұқым көлемі 2,3 млн тонна болса, Жетісу облысында қажетті тұқымның 100%-ы дайындалған.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, көктемгі дала жұмыстары мен субсидиялау мәселелері бойынша өз ұсыныстары мен сұрақтарын жеткізді.

Сапар барысында ол бірқатар шаруа қожалықтарын, сүт-тауар фермаларын, бордақылау алаңдарын, ветеринариялық пункттер мен станцияларды аралап, ветеринариялық мамандармен және балық шаруашылығы саласының өкілдерімен кездесті.

Вице-министр австралиялық технологияны қолдану арқылы етті мал шаруашылығы және өңдеу саласында инвестициялық жобаларды іске асырып жатқан «Жер-Су» корпорациясына барды.

Өндірістік кластер аясында асыл тұқымды мал басын көбейту, бордақылау алаңының қуаттылығын ірі қара мал бойынша 10 мыңнан 20 мың басқа, ұсақ

мал бойынша 20 мыңнан 50 мың басқа дейін ұлғайту, жем зауытын салу және ет өнімдерін өңдеуге арналған құрал-жабдықтар орнату жоспарланған.

Жобаларды іске асыру өңірдің экспорттық әлеуетін айтарлықтай арттырып, қосымша жұмыс орындарын ашуға және етті мал шаруашылығын тиімді дамытуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, жоба аясында табиғи бал, бал негізіндегі джемдер, табиғи компоненттермен жасалған кремдер, бальзамдар және басқа да косметикалық өнімдер шығаратын ара шаруашылығы өнімдерін өңдеу зауыты бар.

Аманғали Бердалинге өндірістік желілер, гигиеналық және қаптама стандарттары, өнім түрлері таныстырылды.

Ол мұндай кешенді жобаларды дамытудың маңыздылығын атап өтті, себебі олар ауыл шаруашылығы шикізатын тиімді өңдеп, экспорттық әлеуеті бар жоғары маржиналды дайын өнім шығаруға мүмкіндік береді.

Өңірде Солтүстік Қазақстан облысының тәжірибесі негізінде 3 сүт-тауар фермасы іске асырылуда.

«ТастөбеАгроФуд» ЖШС-нің жобалық қуаттылығы – жылына 5,7 мың тонна, «Тәуелсіздік» ЖШС – 3,6 мың тонна, ал «Тау Самал» ЖШС – 5,4 мың тонна сүт өндіруге бағытталған.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен кездесуде бағдарламаның жүзеге асырылу нәтижелері және оны кеңейту бойынша алдағы жоспарлар талқыланды.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми сайты.



«ҚОРҒАС – ШЫҒЫС ҚАҚПАСЫ» АЭА-ДА 28 ЖОБА ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ, 40-ТАН АСТАМ ЖОБА ІСКЕ АСЫРЫЛУДА

Жетісу облысының Қытаймен шекаралас аумағындағы «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағында бүгінге дейін 28 жоба пайдалануға берілді, тағы 40-тан астамы іске асырылу сатысында. Тартылған инвестициялардың жалпы көлемі 113,3 млрд теңгеден, ал белгіленген жобалардың жиынтық құны 682 млрд теңгеден асады. Аймақта қазірдің өзінде 1000-нан астам тұрақты жұмыс орындары құрылды. Бұл туралы жуырда Панфилов ауданында ұйымдастырылған пресс-тур барысында белгілі болды.

Журналистер «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА-дағы инвестициялық жобалармен танысты. Оның аумағында күн панельдерін, болат бұйымдарын, тоқыма өнімдерін, құрама жем, подгузник, кофе және тағы басқаларын шығару өндірісі жолға қойылғалы бірнеше жыл болған.

«Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА-да Сингапур брендімен танымал «MacCoffee» 3x1 шай және кофе шығаратын «Empire Manufacturing Kazakhstan» ЖШС компаниясы 6 млрд теңгеден астам сомаға инвестициялық жобаны іске асыруда. Дайын өнім Қазақстанның ішкі нарығына жеткізіледі, содан кейін бірқатар таяу шетелдерге экспортталады.

Ал «Майами Solar» ЖШС компаниясы күн батареяларын өндіруге 1,260 млрд теңге инвестиция салды. Зауытта 67 адам жұмыспен қамтылған. Күн панельдерін шығаруда еуропалық ең озық технологиялар мен жабдықтар қолданылады. Жобаның қуаттылығы жылына 100 МВт күн панелін өндіруге жетеді. Барлық өнім АҚШ пен Еуроодаққа мүше елдерге экспортталады. Алғашқы дайын тауар легі наурыз айында АҚШ-қа жөнелтілді.

Арнайы экономикалық аймақта орналасқан нысанның бірі – жылдық қуаты 60 мың тоннадан асатын «SSA Feed Mills» ЖШС құрама жем зауыты. Бір айда мұнда жүгеріден, бидайдан, бидай кебезінен, арпадан, соядан және т. б. 20-дан астам шикізат түрінен 250 тоннадан астам сапалы өнім шығарылады.

«Standard Steel KZ» ЖШС металл плиткаларын, гофрленген тақтайшалар мен металлосайдинг шығарады. Жобаның құны - 37 млрд теңге. Толық қуатына шыққанда зауыт тәулігіне 10 тонна металл бұйымдарын өндіреді деп жоспарланып отыр.

Атап өтсек, бүгінгі таңда "Қорғас - Шығыс қақпасы" арнайы экономикалық аймағында 70 қатысушы тіркелген. Оның ішінде 28 жоба пайдалануға берілді, тағы 40-тан астамы іске асырылу сатысында. Тартылған инвестициялардың жалпы көлемі 113,3 млрд теңгеден, ал белгіленген жобалардың жиынтық құны 682 млрд теңгеден асады. Аймақта қазірдің өзінде 1000-нан астам тұрақты жұмыс орындары құрылды, жаңа өндірістер іске қосылғаннан кейін олардың саны 5000-нан асады деп күтілуде. Өндірілген өнім көлемі 81,6 млрд теңгені, ал түрлі деңгейдегі бюджеттерге түсетін салық түсімдері 9 млрд теңгеден асты.

Жетісу облысы құрылғаннан бері өңірде әлеуметтік инфрақұрылымдардың жай-күйі едәуір жақсартылып, әлеуметтік нысандарды жаңарту 52% жетті. Осы орайда 15 жаңа мектеп салынып, іске қосылды. Соның нәтижесінде бейімделген мектептер саны 69-дан 39-ға дейін қысқарды. Ал биыл 1080 орынды 4 мектеп пайдалануға беріледі деп жоспарланған, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыста үш ауысымды мектептер жоқ, дегенмен оқушы орындарының жетіспеушілігінің алдын алу мақсатында заманауи материалдық-техникалық базамен жабдықталған жаңа мектептер салу кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда.

Мәселен, облыс құрылғалы бері 5310 орынды 15 мектеп жаңадан салы-

15 жаңа мектеп салынды, биыл тағы 4 мектеп іске қосылады

нып, пайдалануға берілді. Атап айтқанда, Ақсу, Сарқан, Қаратал аудандары мен Талдықорған қаласында 2 мектептен, Көксу ауданында 3 мектеп, Панфилов ауданында 4 мектеп тұрғызылды. Оның ішінде Жаркент қаласындағы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен салынған 1200 орынды мектеп те бар. Сонымен қатар бұл жаңа құрылыстар бейімделген мектептер мәселесін шешуге ықпал етіп, нәтижесінде аталған мектептер саны 69-дан 39-ға дейін қысқарды. Солардың бірі Сарқан ауданы Бірлік ауылында салынды.

Бірлік орта мектебінің 10 сынып оқушысы Ділناз Төлепберген аталмыш мектепте білім алуға, дене тәрбиесімен айналысуға барлық мүмкіндіктер қарас-

тырылғандығын қуанышпен хабарлады.

Бұған қоса биыл 13 білім беру нысанның құрылысы жүргізіледі. Соның ішінде жыл соңына дейін Алакөл ауданы Достық ауылында «Жайлы мектеп» жобасымен, сол сияқты Ақсу ауданы Көлтабан ауылында, Панфилов ауданы Лесновка ауылында, Кербұлақ ауданы Көксаи ауылында жалпы саны 1080 орынды 4 жаңа мектеп іске қосылады.

Жалпы, өңірде үш жылда 270 әлеуметтік нысан жаңадан салынып, жөнделді, соның нәтижесінде білім саласы нысандарын жаңарту 41,2% жетті.

Сонымен қатар білім саласының материалдық-техникалық базасын жақсартумен қатар оқушылардың тәрбиесіне



де ерекше мән беріліп отыр. Осы орайда облыс әкімінің бастама-сымен өңірде «Әдеп-құқық жұмысы жөніндегі ментор жобасы» қолға алынып, бүгінде мектептерде 108 мен-

тор жұмыс істейді. Олар балалар мен жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттері, нашақорлық пен лудоманияның, буллинг пен кибербуллингтің, салауатты өмір салты, мамандық таңдау және кәсіптік бағдарлау, креативті ойлау, қаржылық сауаттылық сияқты 9 бағытта тәрбие жұмысын жүргізіп отыр. Соның нәтижесінде 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша облыстық полиция департаментінің дерегіне сәйкес Панфилов ауданында жасөспірімдер қылмысы 4,4 есеге, Талдықорған қаласы аумағында 4,3 есеге дейін төмендеген.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ШЕКАРАЛЫҚ ПАНФИЛОВ АУДАНЫНДА 6 ЖАҢА МЕКТЕП, 21 МЕДИЦИНАЛЫҚ НЫСАН САЛЫНДЫ

Жетісу облысының шекаралық Панфилов ауданы – халқының саны және әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан алдыңғы қатардағы аймақтарының бірі. Облыс құрылғаннан бергі үш жыл ішінде аталған ауданда 6 жаңа мектеп, 21 медициналық нысан салынған. Бұл туралы жуырда аталмыш ауданның әлеуметтік және инвестициялық объектілерге жасалған пресс-тур барысында белгілі болды.

Пресс-турға қатысушылар бірінші болып Жаркентте «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынған 1200 орынды орта мектепте болды. Жаңа құрал-жабдықтармен жабдықталған бұл заманауи білім ордасында балалардың алаңсыз білім алып, шығармашылық еркін дамуына барлық жағдай жасалған. Бұл туралы кеңінен айтып берген мектеп директоры Айгүл Дөрүбаева:

- Мектепте 64 сынып бар, соның 6-уы – touch-экрандары бар жаңа модификациядағы кабинеттер, онда оқушылар химия, физика, биология пәндерін, робототехника, STEM, нанотехнологияны меңгереді. Сонымен қатар екі информатика кабинеті, 258 орындық кең акт залы, екі оқу залы бар кітапхана, 230 орындық асхана, би залы бар. Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін ерекше жағдайлар жасалған. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ғимаратта бейнебақылау, дыбыстық хабарлау жүйесі орнатылған. Материалдық жабдықтарға бай шеберханалар, кітап оқуға, оқушылардың шығармашылық дамуы мен демалуына арналған коворкинг аймақтары, сондай-ақ балалар мен спорт алаңдары жасақталған, - деді.

Оның айтуынша, мұнда балалар бір ауысымда оқиды. Ал түстен кейін мектептің хореография залында би, спорт зал мен алаңдарда волейбол мен баскетбол және басқа да тегін үйірмелерге қатысады. Барлық пәндер бойынша ақысыз қосымшалар жүргізіледі.

Сол сияқты осы күні пресс-турға қатысушылар екі мәрте Социалистік Еңбек

Ері Н. Головацкий атындағы ауылдың күрделі жөндеуден кейін жаңартылған мәдениет үйінде болды. Кезінде Николай Головацкийдің арқасында салынған мұндай көрнекті мәдениет ошағы кез келген ауылда кездеспейді. Ауыл тұрғындары жеке меншікке өткен, жөндеусіз жүдеу күйге түскен мәдениет нысанының болашағы үшін алаңдап, аудан және облыс басшылығымен болған кездесулерде күрделі жөндеу қажеттігі туралы мәселені бірнеше рет көтерді. Осы орайда облыс әкімі Бейбіт Исабаев мәдениет ошағының жай-күйіне назар аударып, осы мәселенің шешілуіне ықпал етті. Бұл ғимаратта журналистер ардагерлер фестиваліне дайындалып жатқан «Алтын қазына» ансамблі мүшелерінің репетициясына күйе болды. Сол сияқты ауыл кітапханасының жұмысымен танысты.

Бұл ауылдағы келесі нысан - 210 орындық «Жаскент» жекеменшік балабақшасы. Бір кездері «Қорғас» ХШЫО-ның бұрынғы әкімшілік ғимараты болған бұл нысанды кәсіпкер Тұрсын Кончибаева сатып алып, мемлекеттік-жекеменшік серіктестік негізінде оған 200 млн теңгеден астам сомаға күрделі жөндеу жүргізген, ғимаратқа газ қостырды, балабақша ашып, 20-дан астам адамды жұмысқа орналастырды.

Талды ауылдық округінде БАҚ өкілдері демеушілер салып берген «Тау самал» мәдениет және демалыс саябағына барып, ағаш екті. Жалпы аталған саябаққа бүгінге дейін 13 мың ағаш егілді.

Мұндағы іргелі жұмыстар жайлы округ әкімі Қуандық Әшіржанов айтып берді.

- Біздің Талды ауылы – Панфилов ауданының үлгілі елді мекендерінің бірі, мұнда 5 мыңнан астам адам тұрады. Жергілікті тұрғындардың өмір сүруіне



қолайлы жағдай жасалып, ауылда мектеп, екі балабақша, амбулатория, мәдениет үйі жұмыс істейді. Жақын арада газдандыру жұмыстары басталады. Сонымен қатар әлеуметтік осал топтар санатындағы азаматтарға арнап 16 үй салынууда. Сондай-ақ бүгінгі таңда 300 орындық жаңа мектеп тұрғызыла бастады, - деді ол.

Тілшілер қауымы аталған мектептің құрылыс алаңына барды. Аудан әкімінің орынбасары Дидар Ешеновтың айтуынша, білім беру нысанын салу 2024 жылдың маусым айында басталған. Осы жылдың тамыз айында пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр.

Д.Ешенов жаңа білім ордасының жабдықталуы жайлы мектептен еш кем түспейтінін және оқушылардың, ата-аналар мен мұғалімдердің үміттері толығымен ақталатынын жеткізді.

Мұнан соң журналистер өткен жылы көп балалы отбасыларға 160 пәтер, сондай-ақ демеуші компанияларының есебінен екі пәтерлі үйлер салынған жаңа шағын ауданда болды.

Келесі нысан - Алтыұй ауылындағы жаңа дәрігерлік амбулатория. Оның штатында 18 маман бар – жалпы практикадағы екі дәрігері, 6 медбике. Мұнда 1960 жылдары халыққа бір ғана фельдшер медициналық қызмет көрсетті. Бүгінгі таңда зертхана, күндізгі стационар сияқты стандартты медициналық қызметтерден басқа, оңалту орталығының жұмысы қарастырылған.

Журналистер атбасын бұрған тағы

ЖЕТІСУ
ОБЛЫСЫНА
ЖЫП

бір нысан - Үлкен Шыған ауылындағы 90 орындық спорт кешені. Мұнда кең тараған спорт түрлерінен он секция жұмыс істейді.

Пресс-тур соңында журналистерге Панфилов ауданының әкімі Марат Сағымбек ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы кеңінен айтып берді:

- Панфилов ауданы шекаралық аймақта орналасқандықтан экономикалық даму жағынан мүмкіндігі жоғары аудандардың бірі саналады. Соңғы үш жылдың ішінде тек қана білім саласының өзінде 6 елді мекенге жаңа мектептер салынып, пайдалануға берілді. Үш жылда 6 мектеп күрделі жөндеуден өтіп, қолданысқа берілді. Биыл Д.Рақышев атындағы мектептің жаңа құрылысын тамыз айының аяғына дейін бітіріп, 1 қыркүйекте іске қосамыз. Денсаулық саласында үш жылдың ішінде 21 елді мекенде жаңа ғимараттар салынды, 7 елді мекендегі медицина ғимараттары күрделі жөндеуден өтті. Біздің аудан халық өсімі жағынан бірінші орында, жылына кем дегенде 3200-3500 бала дүниеге келеді. Сондықтан перзентхананың ғимаратына жөндеу жұмыстары жасалатын болады. Үш жылдың ішінде бізде кәсіпкерлердің көмегімен 6 спорт кешені пайдалануға берілді. Сонымен қатар инфрақұрылым мәселелеріне де назар аударып келеміз. Көктал мен Сарыөзек арасындағы 78 км жолға күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Ауылшілік жолдар да назардан тыс қалмайды. Газбен қамту бойынша биыл 25 елді мекенге көгілдір отын жеткізуге қаражат бөлінді. Бес елді мекенге су құбыры жүргізілді. Көгалдандыру бағытында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында ауданда 15 мыңға жуық ағаш отырғыздық, - деді ол.

Жұмысшы мамандығына оң көзқарас



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

Бурабайда өткен Ұлттық Құрылтайда Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіптік және білім беру техникасын жаңғыртуға баса назар аударды. «Мен 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияладым. Жастардың мүмкіндігін арттырып, кәсіби бағыт-бағдар беруге баса назар аудару қажет. Бұл – барлық өңір басшыларының міндеті», - деді Президент.

Мемлекет Басшысының бұл қолдауы жұмысшы мамандығын басты бағдар тұтқан біз сияқты жастарды қанаттандырғаны анық. Ең әуелі қоғамда жұмысшы мамандығына деген көзқарас өзгерсе біздің замандастарымыздың да осы салаға қызығушылығы арта түспек.

Мен колледжде дәнекерлеуші мамандығын игеруге талпынып жүрмін. «Электрғазымен дәнекерлеуші» біліктілігі бойынша қазіргі таңда Сарқан қаласындағы «Сарқан Жылу» кәсіпорнында өндірістік және кәсіптік іс-тәжірибеден өтудемін. Өндірістік және кәсіптік іс-тәжірибенің негізгі мақсаты: білімгер теориядан алған білімін өндірісте шыңдайды, білімгер өндірістік мекеменің тыныс-тіршілігімен таныса отырып, өз мамандығына деген қызығушылығын артырады, тәжірибе барысында білімгердің келешекте жұмысқа орналасуына ықпал етеді.

Мен таңдаған мамандығым бойынша оқуымды тәмамдағаннан кейін аталған мекемеге өз мамандығыма орай жұмысқа орналасамын. Бұл салада бізге өмірлік тәжірибелермен бөлісетін ұстаздарымызға дән ризамыз. Темірді пісіріп, қалауымызша қалыпқа салу біздің мамандықты игергендердің ғана қолынан келеді. Бұл мамандық тек қол еңбегін ғана емес, ойлау қабілетін де қажет етеді. Сондықтан біз теориялық біліммен қатар тәжірибелік дағдыларды жетілдіруге ерекше мән береміз.

Ерасыл МАМЫТЖАНОВ,
Сарқан политехникалық колледжінің 3 курс білімгері.



Талдықорған қаласындағы Жеңіс саябағында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында алғаш рет ашық аспан астында «Есо Hackathon: Жастар көзқарасымен» атты экологиялық акция өтті. Хакатонның басты мақсаты – жастардың назарын өңірдегі экологиялық мәселелерге аудару және оларды шешуге жұмылдыру. Сонымен қатар, 20 жасқа өз идеяларын ұсынуға және нақты экологиялық жобалар әзірлеуге мүмкіндік берілді. Акция аясында экология тақырыбында панельдік пікірталас алаңы ұйымдастырылып, қатысушылар 4 топқа бөлініп, өз жобаларын ұсынды.

«Есо Hackathon: Жастар көзқарасымен» экологиялық акциясы өтті

Қазақстан студенттерінің Альянсы Жетісу облыстық филиалының белсендісі Кариманова Ұлпан: «Бүгінгі «Есо Hackathon» шарасы барысында қатысушылар экологияны қорғау, тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу, көгалдандыру және экосаулықты сақтау бойынша түрлі идеялар мен шешімдер ұсынды. Үздік жобалар алдағы уақытта өңірде жүзеге асыру үшін қарастырылатын болады. Есо Hackathon – бұл жай кездесу ғана болып қалмай, жастардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыратын, экологиялық мәдениетті қалыптастыратын және Жетісудың жасыл болашағына үлес қосатын маңызды бастама».

Жетісу облысында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында жыл басынан бері барлық жоспарланған іс-шаралар белсенді түрде өткізілуде. Сенбіліктер мен экологиялық акцияларға жалпы саны 17 мыңнан астам адам қатысты. 295 техника бірлігі жұмылдырылып, 1 209 тонна қоқыс шығарылды. 132 парк пен сквер тазартылып, 17 мыңнан астам қылқан жапырақты және жапырақты ағаш көшеттері отырғызылды.



Бөлім тарапынан атқарылған жұмыстар

Сарқан ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің тарапынан ағымдағы жылдың 1-тоқсанында 16 түрлі мемлекеттік қызмет электронды түрде көрсетілді. Атап айтқанда:

- «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек» - 200 отбасы, 1095 азамат;
- Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына - 63;
- «Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеуге» - 4;
- «Тұрғын үй көмегі» - 21 отбасы, 114 азамат;
- Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек ұсыну - 19;
- Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу - 18;
- Есту кемістігі бар мүгедектерге ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу – 8;
- Мүгедектерді сурдо - тифлотехникалық және міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету - 56;
- Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу - 175;
- Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге құжаттарды ресімдеу -11;
- Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәлік беру» - 2;
- «Мүгедектерді санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз ету» - 156;
- «Мүгедектерге кресло-арбалар беру» - 8;
- «Еңбек иммигранттарына рұқсат беру және ұзартуға» - 36 азамат;
- "Әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі көмелетке толған адамдарға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгілеу" – 6;
- Ақталған адамға куәлік беру қағидаларын және ақталған адам куәлігін ұсыну – 0.

Осы аталған мемлекеттік қызметтер бойынша жұмыстар жалғасын табуда.

Бөлім орналасқан ғимаратта мемлекеттік қызмет алушыларға арналған өзін-өзіне қызмет көрсету бұрышы ашылған, мүгедектігі бар азаматтар үшін брайль тақтайшалары ілінген, бағыттаушы тактильді жолақтар, шақырту қоңырауы жұмыс істейді.

Жоғарыда аталған Мемлекеттік қызметтер тегін көрсетіледі.

Көрсетілген уақыт кезеңінде бөлімде мерзімі бұзылған мемлекеттік қызмет жоқ.

"Сарқан ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

Орман мемлекетіміздің басты байлықтарының бірі, елдің баға жетпес экономикалық және экологиялық ресурсы. Оны молайту және ұтымды пайдалану мемлекеттік басымдықтардың бірі болып табылады. Ал сол орасан зор байлықтың басты жауы – өрттің алдын алу орманшылардың ғана емес қоғамның әрбір мүшесінің басты міндеті.

Ормандағы өрт табиғат апаты десек те, оның себебі мен салдары көп жағдайда адамның қауіпсіздікті сақтамағандықтан болатыны сөзсіз. Орманда өрт шығу себептерін сараптағанда, ол көбінесе адамдардың өз кінәсінен болатыны анықталды. Жекелеген жандардың бұл мәселеге үнемі бейқамдық танытатыны өкінішті. Сондықтан, біздің тарапымыздан өрт қауіпсіздігі ережелерін үйрететін үгіт-насихат, ағарту жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі.

Орман шаруашылығының жұмысында өрт қауіпсіздігі - бірінші кезектегі мәселе. Орман өрттерінің өзі бірнеше түрлерге бөлінеді. Олар: төселе жанатын, шарпи жанатын және дауылды өрттер. Өр өрттің жану жолы өртүрлі деңгейде қарастырылады. Орман өрттерінің алдын алу шараларының ең маңыздысы – қолдан жасалған өртті азайту және оған жол бермеу. Орман өртін сөндіру оңай шаруа емес. Сондықтан,

оған жол бермеудің алғы шарттарын қатаң сақтау қажет. Орман өрті жедел өтеді және тез таралады. Қалың ағаш ішіндегі өрт минутына 3-4 метр жылдамдықпен таралып, 10-14 сағатта үлкен аумақты шарпиды. Оның ішіне кіру де, өрт сөндіру техникаларын енгізу де – қиын шаруа.

Өңірімізге өрт қаупі бар маусымда келіп жетті. Сондықтан орман қоры аумағында мына әрекеттерге қатаң тыйым салынады: 1) орман шаруашылығы аумағында от жағуға тыйым салынады; 2) жанып тұрған шырпыны, темекі тұқылын тастауға және темекі тартатын трубкалардан ыстық шоқтарды қағып түсіруге болмайды; 3) аң аулау кезінде тез немесе бықсып жанатын материалдардан жасалған оқ тығындарын пайдалануға тыйым салынады; 4) жанармай заттары сіңген сұрту материалын олар үшін арнайы көзделмеген орындарда қалдыруға болмайды; 5) іштен жанатын қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда отын бағына жанармай құюға, оталғышының

май шашу жүйесі бұзылған машиналарды пайдалануға, жанармай құйылып жатқан машиналардың жанында шылым шегуге немесе ашық отты пайдалануға тыйым салынады.

Еске сала кетейік, ормандағы өрт қауіпсіздігі ережесін бұзғаны үшін әкімшілік, ал өрт болған жағдайда қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

Орман өрттерінің пайда болуына жол бермеу мақсатында азаматтар өте мұқият болып, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға тиіс. Өрт қауіпсіздігінің барлық ережесі мен нормасын сақтай отырып, сіз баға жетпес байлығымыз, жеріміздің өкпесі – орманды сақтап, келер ұрпаққа табыстайсыз. Саялы өңіріміздің тұмса табиғатын, жасыл желек орманын сақтап, көздің қарашығындай қорғау біздің ең басты міндетіміз.

Айдос ЖУРУМОВ,

Берлітөбе орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің №1 айналымының орман күтушісі.

СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗІНДЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Көктемгі су тасу маусымына әрқашан дайын болған абзал. Егер сіз тұратын аудан су тасудан жиі зардап шегетін болса, онда су басу аймағының шекарасын, тұрғылықты жерге жақын орналасқан биік жота немесе су басу қаупі жоқ жерлерді және оларға барудың жолдарын анықтап, есте сақтау керек. Отбасы мүшелерін ұйымдастырылған құтқару жұмыстарының ережелерімен таныстыру қажет. Арнайы сөмкеге жылы киім, медициналық құрал-жабдықтар, құнды заттар, тағам және таза су салып, қайықтар немесе жүзу құралдарын жасауға жарамды материалдардың орындарын есте сақтау керек. Су тасу кезінде келесідей шара қолдану керек: - Су тасу қаупі жөніндегі ескерту дабылы берілгенде және құтқару кезінде белгіленген тәртіппен қауіпсіз аймаққа немесе биік жоталарға шығып, өзіңізбен бірге құжаттарды, құнды заттарды, киім-кешек және екі күндік бұзылмайтын тағам қорын алып шығу керек - Үйден шығар алдында электр тоғын, газды, ошақтағы отты өшіріп, ауладағы қалқып ағатын заттарды мықтылап бекіту қажет. Уақыт болса, құнды заттарды, киім-кешекті жоғары қабатқа немесе шатырға шығарған абзал. - Есік-терезені жауып, сыртынан ағаш тақтаймен қағып тастау керек. Құтқару жұмыстары әлі басталмаса, көмек келгенше немесе судың қайтқанынша жоғары қабатта, шатырларда және басқа да биік жерлерді паналаған жөн. - Апат дабылын дұрыс беру керек: күндіз жақсы көрінетін орамалды ағашқа байлап қол бұлғау, ал түнде жарық сигналымен және дауыспен беру қажет. Құтқарушылар келген кезде асықпай, асып-саспай, қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып құтқарушылардың талаптарын орындаңыз. - Су басқан ауданнан өз еркіңізбен шығуға болмайды, егер біреуге медициналық көмек қажет болған жағдайда су деңгейі көтеріліп келе жатса, жүзу құралына ие болып, жүзу бағытын білу қажет. Өз еркіңізбен шыққан жағдайда апат дабылын беруді тоқтатпаңыз. Суға батып, ағып бара жатқан адамдарға мүмкіндігінше көмек беріңіз. - Егер адам суға батып бара жатса – оған суға батпайтын, қалқып жүретін заттар (үрлемелі шар, батпайтын заттар) лақтыру қажет. Малтып барған жағдайда судың ағысын ескеріңіз. Егер батып бара жатқан адам өз іс-қимылын қолға ала алмаса, оның артынан келіп шашынан ұстап, жағаға қарай тарту керек - Су тасып болғаннан кейін қандай да бір ғимаратқа кірер алдында қауіп-қатер болмауын анықтау қажет. Ғимарат ішін жиналып қалған газдардан желдету керек, және толықтай желдетіліп болмағанша электр жүйесін қосуға болмайды. Электр, су, газ, көріз жүйелерін тексеру қажет. Мамандардың көмегімен оларды толық қалыпқа келтіргенше оларды қолданбаңыз. Үйдің есік-терезесін ашып, еденнен, қабырғадан лай мен батпақты алып, жер төледегі суды шығарып тастау керек. - Суға түскен, батқан азық-түлік заттарын жеуге болмайды. Есіңізде болсын, барлық шараларды орындаған жағдайда сіз қауіп - қатер деңгейін төмендетесіз. Құрметті жерлестер, сақтыққа қорлық жоқ демекші, өміріңізді қауіп-қатерге тікпей, тиісті органдардың хабарламаларына құлақ асуларыңызды сұраймыз. Төтенше жағдай орын алған кезде тәртіпті сақтау, өзіңізді саналы ұстау мен қарапайым техника қауіпсіздігі қағидаларын орындау – сіз бен біздің амандығымыздың кепілі.

Д.ОРДАБАЕВ,

Сарқан аудандық СЭББ-ның жетекші маманы.

Жеміс дақылдарының бактериялы күйік ауруы

Жоғары өнім алу және оны ұзақ уақыт сақтау үшін өсімдік ауруларының алдын алу аса маңызды іс болып табылады. Аурулар өсімдіктердің барлық мүшелерін залалдайды. Сондықтан тұқымның өңгіштігі, қолайсыз жағдайға төзімділігі төмендеп түсім шығыны көбейіп, өнімнің сапасы нашарлайды. Алма ағаштары саңырауқұлақтармен, бактериялармен, вирустармен зақымданады. Олар келтіретін зияндылықты төмендету үшін, дақылдардың ғылыми негізделген өсіру технологиясын сақтау қажет. Жеміс ағаштарының ауруларының таралуына қолайлы жағдай, көбінесе зиянды жәндіктердің көректенуінен пайда болады. Сондықтан да жеміс ағаштарында олардың таралуын шектейтін пайдалы энтомофагтар мен құстарды пайдаланудың маңызы зор. Жеміс ағаштары үшін аса зиянды болып, жеміс дақылдарының бактериялы күйік ауру саналады. Бұл ауру сонымен қатар карантинді ауру. Бұл аурумен жеміс ағашының барлық мүшелері ауырады: гүлдері, жапырақтары, жемісі, сабағы, бұтағы, діңі. Ауруға шалдыққан гүлдері, жапырақтары, сабағы тез арада қарайып, солып, кеуіп, жапырақтары күршек құсап иіліп кетеді. Ал діңі жарылып, одан ақшыл сүт тектес сұйық бөлініп тұрады. Ауырған жемісінде қоңырқай дақ пайда болып, ақшыл сүт тектес сұйық ағады. Кей уақытта ауру діңінде, сабақтарында ойық жара түрінде кездеседі. Ол тез арада көбейіп, бүкіл ағаштың діңіне тарап кетеді. Ауру жаралы сабағы немесе көшет арқылы тарайды. Аурудың пайда болуына төменгі температура және жоғарғы ылғалдылық әсер етеді. Аурудың белгілері байқалған жағдайда, төмендегі ұсыныс бойынша міндетті түрде шара қолдану қажет.

Күресу шаралары: аурудың алдын алу үшін, немесе даму жолын тоқтату үшін 10 л суға + 10 гр медный купарос +500 гр өкті сүзіп қосып араластырамыз, дайын болған ертіндіні алма-алмұрт ағаштарына шашу керек. 1) Алма-алмұрт ағаштары бүршік жару кезеңіне дейін; 2) Гүлдегенге дейін 20 күнде бір рет;) 40-45 күн бұрын алма жемісін жинағанға дейін;) Күзде алма-алмұрт жапырақтары түскеннен кейін бүркіп шашу керек. Сонымен қатар алма-алмұрт көшеттерінің төзімді сорттарын отырғызу, агротехникалық шаралады уақытылы жүргізіп отыру, ауруға шалдыққан ағаштарды түбірімен қопарып алып жағып жіберу қажет.

Д.ҚЫДЫРОВ,

ҚР АШМ АӨК МИК«РФДжБӨО» РММ Сарқан аудандық филиалының фитопатологі.

Ғабиден ҚҰЛАХМЕТ

(Жалғасы. Басы өткен сандарда).

- Біз енді тірінің санатында жоқпыз. Елге қайтсын. Сәлменбайдың Ахметханына жолықсын деп айтты де.

Шерубай терезе алдынан шегіне беріп, сәл кідірді.

- Жақыпбегің қай Жақыпбек? Бекбайдың Жақыпбегі ме?

- Иә.

Шерубайдың сұлбасын қою қараңғылық жұтып қойды.

VI

Екінші барақ қарағайлы орманның тұмсығына орналасыпты. Ұйысқан қалың жыныстың ішінде әлдекімдер түтін салғандай көгілдір мұнар шалқиды. Жер әлі дегдімепті. Қара топырақты саздауыт ойпаң жас баланың еңбегіндей былқылдайды. Із түскен сүрлеу көк лайсаң. Қоймалжың батпақ арбаның күпшегіне дейін жабысып жібермейді.

Маужырап, қалғып келе жатқан арбалы керуен әбігерге түсті. Ара-тұра боғауыз сөздер де естіліп қалады. Көппен бірге толарсақтан саз кешкен Қайықбай бала да арбаның жақтауынан итеріп, мықшындайды.

- Бос арбаны әрең шығардық. Бөрене тиесек, күніміз не болады? -деп күңкілдеген арбакештерге қарауыл бастығы тепсінді:

- Бөрінің көтіндей шуламай өшір үнде-ріңді! Өйтпесе, сендерді тұтқынға аламыз. Қарай гөр, бұларды, совет өкіметінің жауларына дем бергілерің келеді, ә?

Арбакештер Семей қаласының тұрғындары еді. Пәледен қашқан машайықтай ауыздарын жауып, бәрі де жым болысты. Қарауыл бастығының көрленетін жөні бар екен. Үсті-басына балшық шашырапты.

Бері кел, - деді еңтігін баса алмай алқынып тұрған бұған - тіліңмен жаласаң да аяғымды тазала!

Иең айтса, құлдық ұрмасқа лаж бар ма? Шекпенінің жеңімен етігін сүрте бастады.

Ойбой, дүние!... Беу, жалған-ай!... Көзінің жасы бұршақтаған Қайықбай бала егіліп кетті. Екі жеңімен алма-кезек ысқылаған сайын, сай сүйегі сырқырап, ботадай боздады, «Асқар таудай атам-ау, ардагерім-ау», деп, жалтырап шыға келген былғары қонышты, құрым етіктің басына бетін төсеп, жер бауырлап жата кетті.

Әкесі марқұм тіккен етік! Жақыпбек атасы киген етік! Көрген ел-жұрт қызығып, көзін сүзген етік! Талай табалдырықтан сүрінбей аттап, төрге қарай озған етік! Алшаң басқан иең қайда?!

- Мынау қайтеді? - деп қызыл бет қазақ қарысып қалған құшақтан аяғын суырып ала алмай аттанға басты - Нақұрыс қой деймін өзі! Өрі әкетіндер!

Қайықбай бала талықсыды ...

Кісі қамақ - жер бетіндегі тозақ. Өмірден өгейлік, жақыннан жәбір көрсең, жұбатушы мен жанашыр табылады. Тірідей тозаққа түскенге жоқтаушы жоқ. Өр кімге өз жаны олжа. Күн өткен сайын қара басыңды күйттейсің. Қиналып, қорланып, азап шексең де, итке бергісіз тірліктің тоқтап қалмауын, үзілмеуін тілейсің.

Екі күннен бері тілсіз.«Қайдан келдің, кімсің?» деп ешкім сұрамайды. «Мен пәленшемін» деп бұл да айтпады. Ерте тұрады, кеш жатады. Қобызы оралған кенеп дорбасын мойнына іліп алып, бөрене тасиды. Бір мезгіл ботқа көже, екі рет қайнақ су беріледі. Үш тілім қара нанды қауыздап жегеніне көңілі тоқ.

Екінші барақтағылардың бәрі егде кісілер. Құдай деген момын жандар. Үнсіз жүріп, тіпті, үнсіз өледі. Орман ішіндегі алаңқайда аты жоқ зират бар. Күн сайын бір-екі кісіні обып алып, оның да құрсағы үлкейіп келеді. Ішінде Қайықбай бар үш-төрт кісі бүгін де қабыр қазуға келді. Қабыр дегені жай сөз, белден келетін шұңқыр. Бұл ара – суы жақын, ызалы жер. Күрек басы саз балшыққа қадалса болды, шұңқыр табаны шым-шымдап суға тола-

ды. Өліктің обалын ойлайтын Әбдірахман қари ғана. Жер межелеп, мәйіт қояр орын таңдайды. Осы жолы да солай болды.

- Мұсылман баласы екен, жаны жаннатта болсын, - деп, құран оқыған қаба сақалды, тұнжыр көзді қария бараққа қарай ілбіген топтан: «Балам, саған айтар сөзім бар» деп мұны оңаша алып қалды.

- Алланың сыйы әртүрлі. Әркім жаратқан иесінен өзінде жоқты сұрайды. Сұрамайтыны - ұят пен сезім. Алла тағаланың құдіреті шексіз. Ол әділ. Жарылқайды, жазалайды. Бұл дүниенің қарызын о дүниеге жібермейді. Күндіз-түні тілерім Алланың ақ өлімі. Бақилық сапарға аттансам, көзім ашық қалып

және Ысмағұлдың Байғазысы дейтін атқосшы бала. Үлкендер жағы әңгіме дүкен құрады. Жастар болса ойын-сауық жағын қалайды. Байкенже бұлбұл ғой. Жайлаудағы ел Атанбай ауылын басып қалады. Таң атқанша созылған думанның шырқын Уәзипаның күйеуі бұзады. Шешесінің қыздырма сөзіне елігіп, қызғаныш білдіреді. Уәзипаны ұрмақ болады. Керей - жауынгер ел, Қаметжан бай - Қасқаның құты. Заты әйел бала демесең, Уәзипа өрт. Жалыны маңайын шарпиды. Ұзын сөздің қысқасы, «ақылсыз ұл менікі, ауылымнан шаң-шұң шығарып алдым» деп Атанбай мырза астындағы сары жорға атын, қасқыр ішігін айыпқа

Қайықбай бала да қипыжықтап, үйшік жаққа мойын бұрып жалтақтады.

- Аландамаңыз, - деді Ерукеш, - күзетшіге алтын жүзік сыйлағанмын.

- Мен қайтайын...

- Ағатайым жүдеген шығар... Жүдейді ғой. Жал-құйрықсыз жалғыз еді...

Қызыл жағалы танысы тас жұтқандай. Өшейінде ата қаздай қаңқылдап, қиқу салушы еді, тым-тырыс.

- Артында ұрпақ қалмай кетіп барады. Сол өкініш сол арман...

- ?!

- Баяғыда-ақ Қытайға өтіп кетсейші. Қараша аға Шолпан жеңешемді қимай, ауыл маңын торуылдап жүріп алды ғой.

Серінің соңғы әлемі

Деректі хикая

береді.

- Апыр-ай, - деп көсе шал ыңырсыды - бір-бірін шын ұнатса, неғып қосылмады екен бұлар?

Әбдірахман қари иығын қомдады: - Байкенженің үйіндегі Жамал келін оңды бала. Соны көрген Уәзипа алғашқы райынан өзі қайтыпты деп ел айтады.

Манадан бері үні өшіп, мықырайған ырымшыл қазақ «Ехе, хе» леп күлкіге тағы тұншықты: - Байкенже сері ғой, шіркін. Уәзипа аз күнгі алданышы да. Ішілген қымыз да, қылығы білінген қыз да бір емес пе, тәйірі?!

- Шырағым-ай, - деді Әбдірахман қари түңіліп - қыз бен жігіттің сырына мұнша сұғанақ болармысың? Демің қандай сасық еді?

VII

Бөрене тиеген арбалы керуенге ілесіп, Қайықбай бала Семей түрмесіне қайта айдалды. Жаяу. Аттары зорыққан арбакештер маңайлатпайды. Жуып кетсе, шыр-пыры шығып бажылдап қоя береді. Салтатты екі айдауыл қанша асықтырса да, мимырт жүріс өнбейді. Қалаға жақындаған сайын, адымы ұзарып, ширап кетті. Мұнысы айдауылдарға таңсық. Өлденеге күлісіп, олар мәз.

- Әй, малай, - деді татар жігіті - сен қайда асығып келесің? Пароходқа үлгермеймін деп қорқасың ба? Навигация үш күннен кейін басталады. Қапа болма, үлгересің...

Семейге кірісімен жол екіге айырылды. Айдауылдардың бірі арбакештермен бірге кетті де, екіншісі мұны алдына салып ұзын көшенің бойына түсті.

Түрме алдындағы үйшікте баяғы көз танысы отыр.

- А, қобызшымысың? Аман-сау келдің бе? Қалыңдығың екеуміз жолыңды тосып, ұзақ сарғайдық.

- Ерукеш әлі осында ма?- деп қуаныштан жүрегі жарыла жаздады.

- Әй, керең кісідей әңгірлеп не көрінді саған. Тыныш. Қазір жолықтырамын.

Салтатты айдауыл көшені айналып жоқ болғанда, қызыл жағалы сағатына қарады.

-Бес мүйнет уақыт беремін. Кешіксең бар ғой, сөзге келмей атам. Өне, қалыңдығың.

Қара ағаштың түбінде тұрған Ерукеш қыз бұған қарай құстай ұшып, жүгіріп келеді екен.

- Алла-ай, ұзақ күттірдіңіз ғой. Сізді тосқаным төртінші күн. Ағатайымды көрдіңіз бе?

- Сол күні түнде жолықтым. Ауыз ба ауыз сөйлестік. Сізге елге қайтсын, Сәлменбайдың Ахметханына жолықсын деді.

Қыз албыраған ернін тістеп, үндемей қалды. Басқа айтар сөзі жоқ

Ағатайым мен Байкенже ол кісіні жалғыз тастап кете алмады. Ақыры үшеуі бірдей шырмалып торға түсті.

-?!

- Қалай көмектесемін? Не істейін? Амалын айтыңызшы?

Қайықбай бала қара тасқа айналды.

- Сіз неге үндемейсіз? Менен бір жаманатты жасырып тұрған жоқсыз ба?

- Әй, қобызшы, уақыт бітті!

«Уғ» деді бойы жеңілейіп. Ерукеш қыз соңынан қалар емес.

- Неге үндемейсіз? Бірдеңе десеңізші. Сізге не болған?

- Әй, қыз, болды. Тұтқынмен тілдесуге рұқсат жоқ - деп ортаға киіліккен көз танысы безек қақты. - Біздің қазақ осы. Жолап кетсең, пәлесі жұғады.

Көк қақпаның шағын есігі ашылғанда артына бұрылды - Үмітсіз -шайтан. Күт! - деді айғайлап.

Алла-ай, - деді талықсыған ару. Жарқ еткен қыздың жанары мұның көзін қарып түсті.

Қайықбай бала бір нәрсеге сенді. Ел күдерін үзсе де Шерубай ағасын Ерукештің өле-өлгенше күтеріне иланды. Айлар өтер, жылдар өтер. Қаны тамған нұрлы жүзге әжім түсер. Аякөздің бойындағы Ай-Таңсықтың даласындағы ел жаңарар. Шерубайдың атын ұмытар ұрпақ келер өмірге. Бірақ, сүрлеу жоғалса да жол үзілмес. Ғұмыр бітпей, үміт өлмес. Өзегі шындық ескінің сөзі аңызға айналар. Ал, аңыз айтылмайтын қазақ шаңырағы болмайды. Соған тәубә!

...Қазағуар мосқал орыс Ысекеңмен шүйіркелесіп тұр.

- Әбдірахман қари қалай, тың ба? - деп Ысқақ ақсақал сапардан оралған жолаушыдай көріп, жөн-жосық сұрай бастады - Икрам әбзидің өзбек тақиясы тозбап па? Осыдан он алты жыл бұрын Ташкент барғанымда мен әкеліп бергенмін. Көкпекті дуанының молдасы еді ол кезде. Қали деген көсе - қайық ауызындағы мешіттің мүезіні. Ыңырсып сөйлегенмен үні зор. Кәрі тышқандай қулығы да бар. Елдің ауызына сөз салып беріп, әркімнің жорғалаған ізінен кінәрат тауып, бірді бірге қағыстырып, қызықтайтын шөгелдің өзі.

- Сен казир жат, уйықта, дем ал, - деді мосқал орыс – Ванька атаман айтқан.

Тал түсте ұйықтағаны қалай деп, таңырқай қарап еді, Ысекең күліп жіберді.

-Түбің түскір Метрей, елдің ұйқысы Бәкенің айтуымен келе ме? Қайықбай менің қасымда болсын. Мән-жайды өзін түсіндіремін.

- Меники айтқан, кеткен. Но, Искак бабай, енді сен жауап береді.

Ысекең бүгін қунақ. Қолды-аяққа тұрмай зырылдайды. Өйтсе де өңінен бір толқу білінеді.

(Жалғасы бар).



Соғыс басталған кезде, әкем Шынғожанов Уали, 18-ге толмаған боз-бала екен. Сұранып алты ай дайындықта болып, оқуы біткеннен кейін қанмайданға аттанады. Аттанған жері Сарқан әскери комиссариатымен 1941 жылы қыста.

Ол Украина, Днепропетровск облысында, жаяу әскерлер құрамында жауға қарсы тұрады. 1942 жылы аяғынан жарақат алып, госпитальда емделеді.

Тәуір болған соң, қайта ұрыс алаңына аттанады. Қар құрсанып, мұз жастанады, алғы шепте жүргенде тағы кеудесінен қатты жараланады, ұзақ емделсе де, денсаулығы жарамағандықтан, 1944 жылы елге оралады екен. Бірден еңбекке араласып, жалғыз анасын асырайды. Үйленіп, алты баланың әкесі атанады. Ол өте еңбеккер еді! Бидай суғарып, мал бағады, жер жырттып қызылша егеді. Күзде өзі күтіп, суғарған жерден рекордтық көрсеткіш көрсетіп, үлкен нәтижеге жетуші еді!

Қартайғанша еңбектен қол үзген жоқ. Көктемде агрономдар әкемді алып кетіп, кеңес сұрайтын «Ол жер қызбады әлі,

Отан үшін от кешкен әке

Неміс-фашист басқыншыларына қарсы күрестегі ұлы Жеңістің 80 жылдығын биыл салтанатты түрде атап өткелі отырмыз. Әсіресе, бұл мереке екінші дүниежүзілік соғыстың бар ауыртпалығын мойнымен көтерген қазақ халқының жанына айрықша жақын, әрі қымбат! Бұл мейрамды соғыстың алғы шебінде жүрген, жаумен шайқасып, ерліктің сан үлгісін көрсеткен майдангерлермен бірге халық та асыға күтуде. Мерекені көре алмай кеткен қаһармандарымыз қаншама! Кенеттен басталған соғыс кімдердің қабырғасын қақыратпады десеңізші!

не қызды, себуге болады» деп кеңесін беруші еді. Анамыз Әлпи, жетім болып, өскендіктен бе, әкеміздің айтқанын бұлжытпай орындайтын. Екеуі алты бала өсіріп, адам деген атқа жеткізе алды.

Бір қыз, бес ұлды еңбек етуге тәрбиеледі. Бүгінде бәріміз де еңбек ерендеріміз. Жеткен жетістіктің бәрі, ерен әкенің арқасы! Оның жасы 79-да шектелді. Әке құрметіне, 9 мамырда әке шаңырағына жиналып ас береміз, құран бағыштаймыз, еске аламыз. Осындай мерекені көре алмағаныңызға өкінеміз. Мәңгілік тұрағында тыныш ұйықтап, жайлы жатуыңызды тілеудеміз.

Сарқан ауданының құрметтісі, ерен

колхозшы атағы бар, орден, медальдар иегері.

Асыл әкем, асқар тауым ардақтым, Тірек болып, ақыл қосқан жан- жақтым. Құтты болсын әспеттейтін мерекең, Бір аунап жат, құран тиіп, салмақтым! Өмір жолы кейде түзу, бұралаң, Қөңілім пәс, әлі де бір тұр алаң. Ұлдарыңыз есіміңді өшірмей, Жалғап жүр ғой, соған қатты қуанам! Суретіңмен үнсіз ғана тілдесем, Ойға батам, сен тірідей күн кешем. Жылда барам, бейітіңнің басына, Мінежәт етіп, құран оқимын қасына. Өткен күнді есіме алып, жан әке, Мұңдарымды шертемін, әр тасыңа!



Ақтадым ба, сеніміңді, үмітті, Осы ойлар мазалайды күні-түні. Кеткеніңді келмеске әке ойласам, Ет жүрегім бордай болып үгілді. Асыл әкем, пана болған тірегім, Туған болсаң, өлу де хақ білемін. Жайлы жатшы, топырағың жеңіл боп, Ұрпағыңа аман-саулық тіледім. 80 жыл ғой, болар биыл мереке! Өулетіңді қорғап-қоршап жат әке. «Мал қалғанша тал қалсын» деп айтушы ең, 80 ағаш отырғыздым сенікі!

Нұртай УАЛИҚЫЗЫ,
Сарқан ауданының Құрметті азаматы.





Ардақты аға, қымбатты апам, тәтем, Халила, Зәбилә, Меңкен, Бекей, Жүністің, Көкеңнің, Зияданың әйелі үй-іштеріне, тағы тағыларға менен көптеген сәлем! Тегіс дендеріңіз сау, халдерің жақсы, тиісті жұмыстарыңды атқарып, ойнап-күліп жүріп жатқан боларсыңдар. Ауыл амандық, колхоздың халі жақсы ма? Астықтың шығысы қандай? Біз бен өздеріңізді қамтамасыз етуге жарайтын көріне ме? Армиядағы үлкен кісілерден қандай хабарлар бар? Амандықта ма? Жазған хаттарыңнан Ахметбектің, тағы басқа қымбаттылардың социалистік Отан соғысында өмірлерін қиғанын естідім. Не айтам, олардың үй-іштері мен аналарынан мен артықпын ба?! Қайран солдаттарымыздың алғыр өмірі кетті өтіп. Елден бірге келіп, бір жерде қызмет атқарған құрбылардан соғыста айырылып, жалғыздықтың зары өтіп жүргенде жастай үйір болған жолдастардың суық хабары басымды диірменнің тасындай айналдырып жіберді. Не керек, бұлардың арманы тірлікте көкіректен кетпейтін - социалистік отан үшін

Солдат сағынышы

- еңбегі, төгілген қаны миллиондаған совет халқының жүрегінде мәңгілік сақталды. Совет халқының өмірі солардың еңбегімен байланысты. Жүздеген жылдар өтсе де олардың ұмытылмастай жауынгерлік істері тарихтан орын алып, келешектің жас ұрпақтарына сабақ болды. Бұлардың төгілген қаны бүкіл адам баласының хас дұшпаны неміс фашистерімен шайқасуға, еріксіз қатынасуға шақырады. Осы солдаттарымыздың өмірі үшін неміс адам жегіштерімен арпалыстырды. Өмірімнің ақырғы минутына дейін, тамшы қаным қалғанша арпалысуға серт беремін. Жақында майданға тағы барамыз. Сонда алтыннан бағалы, ардақты солдаттарымыздың бәрінің қаны үшін жиіркенішті немістердің жүзінің (100) қанын төгуге жан салып күресемін. Ыза кернеген адам ештеңеден қорқып, сескену дегенді білмейді екен. Соның бірі мен. Кеудеден жан шыққанша жауды жайратудан басқа мақсат жоқ. Айтар осы. Басқадай айтудың орны табылмады. Олардың орны толмайды. Ахметбектің анасына сәлем айт. Басқа балалардың да аналарына менен көп сәлем. Совет үкіметінің тұсында олар тірі, ұмытылмайды. Оларды жоқтайтын және олардың орнын өгейсітпейтін мына біздер, жолдастары бармыз. Ал менің денім сау, халім жақсы, аманмын. Хал-жағдайым да жаман емес.

Еңбегім де нәтижелі. Мен сіздерге «науқастанып, санитарный частіге жатамын»-деп хат жазған едім ғой. Одан кейінгі жағдайдың нәтижесі мына төмендегідей, естіңіздер: Мен санитарный частіде 21 күн жатып, жазылып шықтым. Сезімім жақсы. Санитарный частіден шығып сұранған ротама келгем. Менімен бірге болған солдаттардың барлығы



мемлекеттік экзаменнен өтіпті. Соңынан өткендері әлі осында екен. Қарамағандарын басқа жаққа ауыстырып жіберіпті. Белгісіз. Мен келгеннен кейін батальон командирі мен комиссар жағдайымды сұрап былай деді: мемлекеттік экзамен

беруге шамаң келе ме, жоқ басқа жаққа барғың келе ме? - деп сұрады. Басқа жақ белгісіз. Егер экзаменнен өткің келсе 3 күн срок береміз, одан артық уақыт жоқ, солдаттарың жүреді - деді. Содан тәуекелге бел байлап, сыннан өтуге келістім. Үш күн өткенше барлық күшімді салып, күндіз-түні дайындалдым. Төртінші күні мені қалаға комиссияға алып барды, сынақ өте қиын екен. Көп кісі келген екен. Мені комиссиялардың тұратын жерінің өзіне алып барды. Таңнан кешке дейін 8 комиссияның алдынан өтіп, әбден шаршадым. Ақырында комиссиялар бағасын қорытып «отлично» деп келісіпті. Сонымен командир атағын беріп (сержант) соғыста танк командирін ауыстыруға жарадың-деп баға берді. Жағдай осы, әзірге. Сол бұрынғы орнымызда жүріп жатырмыз. Енді «расформирующий батальонға» апарып киіндіріп, қаруландырып, сол жерде танкі беріп, соғыс тактикасымен таныстырып, кезек жеткенде соғысқа жіберді. Менің әзірге жағдайым осы. Амандық болса тағы болған жағдайларды, өзгерістерді білдіріп хат жазып тұрамын. Енді маған хат жазбай-ақ қойыңдар. Жаңа адрес болғанда толық көрсетіп өзім хат жазамын. Осы адрес бойынша хат жазыңдар деп, сонда жазасыңдар. Әзірше немесе соған дейін дем алыңдар. Хош-сау болыңдар. Амандыққа жазсын. Сұраған адамдарға және үлкен кісілердің барлығына менен көп сәлем айтыңдар!

Әуелбек.
25.VII.1942 жыл.

Латын әрпінен көшірген
Есбала СҮДІРБАЕВА.

Балалардың жүзіндегі бақыт күлкісі – менің жемісті жұмысымның нәтижесі

Мен үшін менің мамандығым – күн сайын өзімді бала сияқты сезініп, балалық шақ пен жарқын эмоциялар әлеміне ену.

Жұмысымның негізгі мақсаты – барлық білім беру процесінің қатысушыларының психологиялық денсаулығын, эмоционалды әл-ауқатын сақтау және нығайту. Балабақшада балалармен жұмыс жасай отырып, мен өзімді жай ғана психолог маманы ретінде емес, балалық шақ әлемін бейнелейтін суретші ретінде сезінемін.

Суретші болу оңай емес. Салған суретіңнің түстері қанық, әдемі болу үшін бірінші кезекте мен балалармен диагностикалық жұмыстар жүргізіп, баланың танымдық, жеке, эмоционалды ерекшеліктерін бағамдап, екіншісіне кеңесе – түзету-дамыту жұмыстарын жүргіземін. Бұл жерде баланың жеке ерекшеліктеріне сүйене отырып, оның оңтайлы дамуы үшін дұрыс таңдалған әдіс-тәсілдердің қаншалықты маңызды екенін ескеремін.

Психолог та суретші сияқты түстерге үлкен мән береді... Түстер суреттің мәнін ашса, балалар да біздің өміріміздің мәнін ашып, түрлі-түсті бояуын кіргізеді... Ал-



дыма келген әр бала түрлі-түсті бояулар сияқты: бірі көк, бірі сары, бірі қызыл, бірі жасыл – алуан түрлі.

****Қызыл түс**** – импульсивтілік пен көшбасшылықтың бейнесі... Мұндай балаларға эмоцияларын басқаруды үйретемін.

****Сары түс**** – шыдамдылық, жағымды эмоционалды тұрақтылығы бар балалар-

ды бейнелейді, мұндай балалар үшін олардың жай-күйін сақтау, нығайту маңызды.

****Жасыл түс**** – баланың сабырлы, алдына қойған мақсаты бар екенін білдіреді, мұндай балалардың өзін-өзі бағалауын қалыптастыру және өз мүмкіндіктерін ашуға бағытталған жұмыстарын жүргіземін.

****Көк түс**** – балалар әлсіз, ортада қысылып, ойын ашық айта алмайды, сондықтан мен үшін мұндай балаларды өзіне сенімділікке, жауапкершілікке бағыттау, ынталандыру маңызды.

****Күлгін түс**** – шығармашылық пен дарындылықтың түсі. Мұндай балалардың қиялын дамытып, шығармашылық пен дарындылығын сақтауда түрлі әдістерді қолданамын.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жүргізе отырып, балаға

жетістікке жетуге, жетістікке жете отырып, қуаныш сыйлауға мүмкіндік беремін. Өз қабілеттерін біліп, өзіне сену үшін өз жұмысымда ойын терапиясы, ашық ойындар, танымдық ойындар, кинестетикалық дамытушы жаттығулар, рөлдік ойындар, ертегі терапиясы, арт-терапия, өзара әрекеттесуді дамытуға арналған ойындар, психогимнастиканы қолданамын.

Нағыз психолог маманы суретші сияқты шығармашылықпен айналысады, адамдардың эмоцияларын интуиция арқылы сезеді. Бұл әсіресе ата-аналармен, тәрбиешілермен жүргізетін психологиялық кеңес беруде маңызды екенін айтқым келеді.

Мен үшін ата-аналардың балаларымен қарым-қатынастарын үйлестіру, нығайтуға психологиялық ағарту жұмыстарын жүргізуді де ұмытпаймын. Балалардың психологиялық денсаулығын сақтауға, нығайтуға және дамытуға бағытталған профилактикалық жұмыстарды жүзеге асырамын, мектепке дейінгі балалық шақтың барлық кезеңінде психологиялық денсаулықтың және мінез-құлықтың тұрақтылығын сақтауға бағытталған жұмыстарды жүзеге асырамын. Балалардың жүзіндегі бақыт күлкісі – бұл менің жемісті жұмысымның нәтижесі.

Э. ДАРМИШЕВА,

“Балдырған” бөбекжай бақшасының педагог-психологы.



Құстар - біздің досымыз

1 сәуір Халықаралық құстар күніне орай «Балдырған» бөбекжай бақшасында «Ертөстік» және «Балауса» ересектер тобы арасында «Құстар – біздің досымыз» атты іс-шара өтті.

Балаларға құстардың өмірі мен олардың табиғаттағы ролі туралы мағлұмат беру мақсатында ұйымдастырылған іс-шара барысында тәрбиеленушілер құстарға байланысты бір-біріне ашық сұрақтар қойып, мақал-мәтелдерден жарысып, тыйым сөздер айтып, жұмбақтар жасырып қарсы топ шешуін тапты. Өлкемізде тұрақтайтын құстардың суретін салып, бояп, қиылған шаблондардан құстардың бейнесін құрастырды. Вен-диаграммасы арқылы құстардың ортақ белгілерін тапты. Жарысып әндер айтылып, дыбыс жаттығулары мен көңілді билер ұйымдастырылды. Жарыс соңында бүлдіршіндер құстарға өз қолдарынан қалдық заттардан ұя құрастырып, өз шеберліктерін көрсетті.

**Г. ТОЛЕУГАЛИЕВА, Д.ЖАКИПБЕКОВА,
М.ТИЛЕУХАН, А.БАЯЛКАН,
топ тәрбиешілері.**

•Н.Тілендиев - 100 жыл

Өнерін өнеге еткен Нұрғиса

Композитор Нұрғиса Тілендиевті білмейтін қазақ баласы болар ма?! Ата-бабаларымыз айтқандай «Сегіз қырлы, бір сырлы» деген атау Нұрғиса ағамызға арналғандай. «Өнерін өнеге еткен Нұрғиса» атты таным сағаты, Қойлық ауылдық кітапханасында Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100 жыл толуына орай ұйыдастырылып өткізілді.



Шараға Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектебінің 5 «А» сынып оқушылары қатысты. Шара барысында кітапханашы А.Адамбаева композитор Н.Тілендиевтің өмірбаянымен таныстырып, кітапхана оқырмандарына композитордың шығармашылығы туралы қысқаша бейнеролик көрсетілді. Дирижер, композитор Н.Тілендиевтің өмірі мен шығармашылығын оқырмандарға насихаттау аясында өнерді сүйуге, құрметтей білуге, халық мұрасын сақтап, жалғастыра білуге тәрбиелеу. Қазақтың халық өнерін әлемге танытуда зор үлесін қосқан композитор Н.Тілендиевтің көзі тірісінде талантты тұлға қазақтың ұлттық өнері мен мәдениетіне өшпес із қалдырды. Қайраткердің жүрегінен шыққан талай туындылар әлі де үлкен сахналарда, ел арасында кеңінен орындалып жүр. Алайда қазақ даласын сазға бөлеп, әсем әуенімен тербеткен, бір өзі қазақ музыкасының тұтас дәуіріне айналған Нұрғиса Тілендиевтің мұрасы мәңгілік...

**Б.ЕСЕНГАЛИЕВА,
Қойлық ауылдық кітапханасының кітапханашысы.**

Бастауыш сынып оқушыларының денсаулығын сақтау мен нығайтудағы дене шынықтырудың рөлі

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде оқушының физикалық дамуы мен денсаулығын сақтау – басты басымдықтардың бірі. Әсіресе бастауыш сынып кезеңі – баланың тұлғалық қалыптасуы мен ағзасының өсіп-жетілуіндегі ең маңызды сәт. Осы кезеңде дене шынықтыру пәні оқушының өмір сүру салтын дұрыс бағытта қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Дене белсенділігі – денсаулық кепілі. Бастауыш сынып оқушылары күні бойы партада отырады, бұл омыртқа мен бұлшықеттерге артық салмақ түсіреді. Дене шынықтыру сабағы осы статикалық жүктемені теңестіреді. Қозғалыс кезінде баланың қан айналымы жақсарып, оттегімен қамтылуы артады. Бұл ми жұмысына да оң әсер етеді, яғни сабақты жақсы қабылдауға көмектеседі.

Жас ерекшелігіне сай жаттығулар – басты талап 6–10 жас аралығындағы балаларда буындар мен сіңірлер өте икемді, бірақ бірден көп күш түсіру зиян келтіруі мүмкін. Сондықтан жаттығулар баланың жасына, дене бітіміне сай таңдалуы тиіс. Серіппелі, ырғақты қозғалыстар, жеңіл жүгіру, секіру, иілгіштікке арналған жаттығулар осы жаста өте тиімді.

Қорыта айтқанда, бастауыш сынып оқушылары үшін дене шынықтыру сабағы – тек қимыл-қозғалыс емес, денсаулықты нығайтудың, тәртіпке баулудың және өмір бойына салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызды құралы. Мұғалім жаттығуларды оқушылардың жас ерекшелігіне сай дұрыс ұйымдастыра білсе, әрбір сабақ баланың денсаулығын жақсартып қана қоймай, оның өз-өзіне сенімді, белсенді тұлға болып өсуіне ықпал етеді. Сондықтан дене шынықтыру пәні бастауыш сыныпта тек міндетті сабақ ретінде емес, өмірлік маңызы бар тәрбие мен дамудың негізі ретінде қарастырылуы тиіс.

Қ.ОМАРОВ,

Алмалы орта мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі.

Отбасы - шабыт көзі

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Ол ұрпақтан – ұрпаққа ауызша, жазбаша түрде немесе көркем әдебиет арқылы жеткен. Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл — ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. Өскелең ұрпақтың оқу сауаттылығын, оқу белсенділігін арттыру, оқу құдіреттілігін дамыту, отбасылық кітап оқу дәстүрін жаңғырту мақсатында 2025 жылдың 27-наурыз күні «Оқуға құштар отбасы» жобасы аясында «Оқуға құштар отбасы» «Отбасы шабыт көзі» тақырыбында мектеп кітапханашысы Г.Ахмадиева мен Амангелді ауылдық округінің кітапханашысы Ж.Райымбекова бірлесе жоспарлап Көкезек орта мектебінде дөңгелек үстел өткізді.



Іс-шара барысында үш отбасы белсенді қатысып, өздерінің оқуға деген құштарлықтарын көрсетті. Қонақтарымыз Омаров Амангелді Әшірбекұлы және 9 сынып оқушысы Әшірбек Наз, Барлықбаев Тыныс Қабығалиұлы және 8- сынып оқушысы Бақберген Інжу, Бортибаева Эльзира және 7- сынып оқушысы Сайлауқызы Каусар бірнеше кезеңге бөлінген іс-шарамызда отбасы мүшелерінің кітапқа деген сүйіспеншілігі ерекше көрініс тапты. Әрбір қатысушы өз отбасындағы оқуды қалай дәстүрге айналдырғаны туралы әсерлі әңгімелер бөлісті. Бұл бастама оқырмандарға жаңа шабыт сыйлап, кітап оқуды насихаттаудың жаңа жолдарын көрсетті.

Іс-шараның қорытынды бөлімінде мектеп директоры К.Қыдырманова сөз алып, қатысушыларды «Оқуға құштар Өке», «Оқуға құштар бала», «Ең шығармашыл отбасы» номинацияларымен марапаттап және ең бағалы сыйлық – кітаптар тарту етті.

Осындай шаралар алдағы уақытта да жалғасын тауып, оқырман мәдениетін дамытудағы өз үлесін қоса бермек.

Г.АХМАДИЕВА,

Көкезек орта мектебінің кітапханашысы.

Заңды сақтау әділеттіліктің кепілі

Заң мен тәртіпке бағынған ел ғана қауіпсіз қоғам, құқықтық мемлекет қалыптастыра алады. Заңды сақтау – әділеттіліктің, теңдік пен тәртіптің кепілі.

Елімізде «Заң және тәртіп» қағидатын қалыптастыру маңызды рөл атқарады.

Бұл – бәріне бірдей бұлжымас қағида. Заңның сақталуы, азаматтардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру – маңызды міндет.

Дамыған қоғам жүгенсіздікке, тәртіпсіздікке, бұзақылыққа жол бермейді.

«Заң мен тәртіп» қағидаты Мемлекет басшысының тікелей бақылауында. «Қылмыспен күресу және қоғамдық тәртіпті сақтау – аса маңызы міндет. Бұл – жауапкершілігі өте үлкен жұмыс. Ең алдымен, мемлекетте заң талаптары мүлтіксіз орындалуы керек. Заң бұзған кез келген адам жазасын алуға тиіс», – делінген Президенттің былтыр өткен Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа отырысында.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, заң мен тәртіп қағидаты Қазақстан қоғамының идеологиялық және саяси темірқазығына айналуға тиіс. Өйткені құқықтық сауаттың төмен болуы жағымсыз үрдістердің белең алуына әкеп соқтырады. Көшедегі мәдениетсіздіктен бастап, төбелес, ұрлық, кісі өлтіруге дейінгі құқықбұзушылықтың барлық түріне ымырасыз қарсы тұру, келеңсіздіктермен қоғам болып күресу өте маңызды. Елімізде кең таралған тұрмыстық зорлық-зомбылық, вандализм, дөрекілік және бұзақылық сияқты құқықбұзушылық әрекеттерге мүлде төзбейтін әрі оны қатаң айыптайтын жағдай қалыптастыру қажет. Өйткені азаматтардың тәртіпке бағынуы олардың қауіпсіздігіне кепіл болмақ.

Қ. АБДРАХМАНОВ,
Жетісу облыстық қоғамдық кеңесінің мүшесі.

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» демекші, түрлі сырқаттың алдын ертерек алған абзал. Ол экономикалық жағынан да мемлекетке арзан түседі. Аурудың өршіп кетпеуін тұзақтайтын шараларды дер мезгілінде жүргізу тиімділігін әкелері сөзсіз. Барынша тазалық сақтау қажет.



Салауатты өмір салтын ұстанайық

Саламатты өмір салтын ұстанып, салауатты жүргенге не жетсін. Ағзаның қорғаныш қабілетін табиғи жолмен шыңдау – ұлт денсаулығының басты кепілі. Өрине, дұрыс тамақтану мен дәрумендерді ұтымды пайдалану да ағзаның сыр бермеуіне ықпал етеді. Кез келген елдің ең басты байлығы – ұлт саулығы болып табылатындығы сөзсіз. Міне, сондықтан да бұл іске барынша жауапкершілікпен қарағанымыз абзал. Қазіргі өркениеттің негізі, дені сау және рухани дамыған адам. Басқа жағынан қарағанда, дені сау ұлт мықты мемлекеттің нағыз белгісі болып табылады. Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулығымызға байланысты. Өрбір адам салауатты өмір салтын сақтап, өз денсаулығына сақтықпен қараса жарқын өмірге жол ашылады.

БҰҰ-ның "Тұрақты даму мақсаттары" концепциясының 3 мақсатында денсаулықты күту керектігі айтылады. Демек, барша адамзаттың денінің саулығы басты байлығы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылғы Жолдауында денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыруға ерекше назар аударды. Бұл ретте Президент тапсырмасын орындау мақсатында Қазақстан Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы қаулысымен «Дені сау- ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау ұлттық жобасы бекітіліп, жүзеге асырылуда. Кез-келген елдің ең басты байлығы – ұлт саулығы болып табылатындығы сөзсіз. Міне, сондықтан да бұл іске барынша жауапкершілікпен қарағанымыз абзал.

А. ЕРБОЛАЕВ,
Сарқан қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ АКЦИЯ АЯСЫНДА

Халықты экологиялық мәдениетке тәрбиелеу, табиғатқа зиян келтірмеуге және еліміздің табиғи ресурстарын ұқыпты пайдалануға шақыратын «Таза Қазақстан» акциясы аясында барлық өңірлерде кең көлемде ұйымдастырылып, еліміздің табиғи аумақтарында тазалық жұмыстарын жүргізу, тұрмыстық қалдықтарды жинап, арнайы орындарға шығару және қоршаған ортаны қорғау бағытындағы басқа да іс-шаралар атқарылады. Бұл акцияның маңызды бағыттарының бірі — табиғи қорықтар мен ұлттық табиғи парктардағы тазалық жұмыстарын жүргізу болып табылады. Әсіресе, "Жоңғар Алатауы" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағында жүргізілген шаралар экологиялық ба-лансты сақтау үшін өте маңызды.

"Жоңғар Алатауы МҰТП" РММ Сарқан филиалы аумағындағы акцияның маңызы зор. Өйткені Жоңғар Алатауы МҰТП — Жетісу облысындағы ең үлкен табиғи аймақтардың бірі болып табылады. Бұл ұлттық табиғи парк Жоңғар Алатауының тау жүйесінде орналасқан және оның аумағы аса бағалы экосистемаларды қамтиды. Парк аумағында сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлар, сондай-ақ табиғи ландшафттар мен экологиялық тепе-теңдікті сақтайтын маңызды аймақтар бар.

Сарқан филиалы аумағы осы табиғи парктің құрамына кіреді. Мұнда табиғаттың әсемдігі мен биоәртүрлілігіне қол сұғылмауы керек. Алайда, адамдардың түрлі экологиялық мәселелерге бей-жай қарауының нәтижесінде, табиғи ресурстарға деген зиянкестік әрекеттер көбейіп, қоршаған орта ластанады. Сондықтан "Таза Қазақстан" жалпыұлттық акциясының өткізілуі Сарқан филиалы аумағында экологиялық жағдайды жақсарту және табиғатты қорғау үшін үлкен маңызға ие.

- Тазалық жұмыстарын жүргізу. "Таза Қазақстан" акциясының басты міндеті — Сарқан филиалының аумағында табиғи ландшафттарды тазалау. Бұл



акцияға орманшылар, экологтар, волонтерлер мен жергілікті тұрғындар қатысып, парк аумағындағы қоқыстарды жинау, тұрмыстық қалдықтарды арнайы полигондарға шығару жұмыстарын атқарады. Сонымен қатар, өрт қауіпсіздігіне байланысты шаралар да қолға алынып, өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында арнайы жолақтар мен өрт сөндіру жабдықтары тексеріледі.

–Қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттыру. Қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттыру мақсатында халық арасында экологиялық мәдениетті насихаттау жұмыстары жүргізіледі. Бұл шаралар арқылы адамдарды табиғатты қорғауға және оның тазалығын сақтауға шақыру мақсатында арнайы семинарлар, лекциялар ұйымдастырылады. Экологтар мен табиғат қорғаушылары халықты экологиялық мәселелер туралы ақпараттандырып, табиғатты қорғау жөніндегі заңдарды түсіндіреді.

Акцияның нәтижелері көрсеткендей, табиғатты қорғау ісінде тек мемлекеттік органдар ғана емес, әрбір азаматтың да жауапкершілігі маңызды. Осылайша, "Таза Қазақстан" акциясы Сарқан филиалының аумағында табиғатты қорғау мен экологиялық мәдениетті арттыру жолында маңызды қадам болып табылады.

А.ТУРЫСБЕКОВА,
Сарқан филиалының экологиялық ағарту инженері.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің маңыздылығы

Бүгінгі таңда Амангелді ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсетуін жақсарту, баламалы және электрондық қызметтердің үлесін көтеру мақсатында ХҚКО арқылы және электрондық қызметтердің кең таралуын және пайдаланушыларды арттыру үшін мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын көтеру жөнінде шаралар болып табылады. Амангелді ауылдық округі әкімі аппараты тұрғындарға, ХҚКО мамандарымен ауыл тұрғындарына мүмкіндігі шектеулі адамдардың арасында аудан әкімі аппаратының ақпараттық технологиялар және мемлекеттік қызметтер мониторинг бөлімі бекіткен жоспарға сәйкес мемлекеттік қызметтер жәрмеңкелерін өткізіп тұрады.

Амангелді ауылдық округ әкімі аппараты және округ аумағындағы барлық мемлекеттік қызметтердің стандарттары, регламенттері және мемлекеттік қызметтер көрсетудің тәртібі туралы ақпараттар жазылған стендтер жасалған. Аудандық мониторинг бөлімі тарапынан ішкі бақылау шаралары жүргізіліп, аудандық арнайы мониторингтің топ мүшелері зерттеу жұмыстары үнемі жүргізіледі. Округ әкімі аппаратының негізгі функцияларының бірі мемлекеттік қызмет көрсету саласында тұрғындардың өтініштерін қанағаттандыру, мүмкіндігі шектеулі жандар мен барлық қызмет алушыларға ыңғайлы үнемі жағдай жасау болып табылады.

Д.РАИМБЕКОВА,
Амангелді ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

•101 ескертеді

ӨРТ ҚАУІПТІ КЕЗЕҢ

Табиғатта болатын өрттердің көбісі отқа немқұрайлықпен қараудың салдарынан болады.

Тұрғындар мынаны білулері тиіс: Табиғатта демалғанда от, кепкен шөпорамды, қалдықты жағу кезінде қауіпсіздік шараларын ұстануы қажет; Кепкен шөпорамды күннің ыстығында жазық далада немесе үйдің жанында жағуға болмайды; Кепкен тал бұтақтарының маңында от жағуға болмайды. Егер мүмкіндік болса, отты құмның үстінде жағу дұрыс болады; Сөніп келе жатқан оттан түтін шығып тұрса жанынан алыстамай сөндіріп кету. Сөнбеген темекі мен сіріңкелерді тастамау.



М. САРКУЛОВ,
Сарқан ауданының ТЖБ инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

ДАЛА ӨРТТЕРІНЕ ЖОЛ БЕРМЕЙІК

Сарқан ауданының аумағында дала өрті жиілеп тұр. Аудан аумағындағы құрғақ және ыстық ауа райында далалық өлкелерде өрт қаупі пайда болады. Дала өрттеріне жол бермеу үшін далада отты барынша абайлап қолдану керек және бұны басқалардан да талап ету қажет. Өрт қаупі кезеңінде далада от жақпаңыздар, сөндірілмеген темекі тұқылдарын және сіріңкелерді тастамаңыздар.

Дала өрттері пайда болғаны жөніндегі ақпаратты өрт сөндіру қызметіне уақытылы хабарлау қажет. Дала өрттері жануарларға және өсімдіктерге елеулі зиян келтіреді. Дала өрттерін уақытылы сөндіру олардың ерте анықталғандығына және өрт сөндіру қызметіне немесе ауыл әкімдігіне хабарлауына байланысты болады. Сондықтан біз ауданның барлық тұрғындарын далалық өлкелерде өрт тұтануларды байқағанда ауылдық әкімдікке немесе өрт сөндіру қызметіне хабарлауды өтінеміз.

Ә.ҚАБДЕШОВ,
Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Спасибо и досвидания

С 1960 года проживаю в городе Саркан, в 1969 году окончила Алтайский мединститут города Барнаула и по направлению ВУЗа стала работать в Сарканской районной больнице врачом. За время проживания в Сарканском районе и работы в Сарканской районной больнице были разные обстоятельства – и трудные, и интересные, и хорошие, и плохие. Но сейчас речь не об этом. В Саркане вышла замуж, вырастила сына и дочку, они создали свои семьи, родились внуки, т.е. все было как у людей моего возраста. Сейчас волею судьбы я переезжаю в Российскую Федерацию, так как сын Георгий умер, меня к себе забирает дочь Инна. В связи с этим хочу сказать слова благодарности и прощения соседям, друзьям, знакомым, бывшим коллегам, настоящим молодым работникам районной больницы, всем жителям Сарканского района, которые меня знают.

Будучи законопослушным человеком никогда не имела дела с правоохранительными органами. В связи с трагическими обстоятельствами смерти сына мне пришлось столкнуться с работой нотариуса, юстиции, ЦОНа и хочу отметить что все они отнеслись к моим вопросам тщательно и добросовестно. Особенно хочу отметить компетентность нотариуса Махамбет Г.Е., которая всячески содействовала положительному решению моих вопросов.

С одним словом спасибо и досвидания дорогие мои сарканцы.

С уважением врач-пенсионер
Т. ВВЕДЕНСКАЯ.

• Тағзым

Әсілі адамгершіліктің ақ туын желбіретіп, адалдығымен, әділдігімен бір көрген жанның көкейінде қалатын азаматтар болады. Тірлігінде бірге жүріп, адами асыл қасиеттерін көзбен көріп, көңілмен сезінгендіктен болар аға досымыз Сұлтан Жайықұлын сондай жандардың қатарынан көруші едік. Жастайынан ата-анасынан алған өнегесімен өсіп-өніп, жоғары білім алып, білімін өзі туып-өскен өңірдің өркендеуіне жұмсап, Черкасск ауылдық округіне қарасты шаруашылықтарда мал маманы ретінде, ауылдық округтің әкімі ретінде айқын ізі қалған азаматты төңірегі құрмет тұтатын еді. Амал нешік, дәм-тұзы таусылып, фәни дүниемен қош айтысқалы да тоғыз жыл өтіпті. Тірлік дәмі таусылмаса Сұлтекең биыл 73 жасқа толар еді.



жақсы қасиеттері айта берсе таусылмайды.

Сұлтанхан Қонысбеков 1952 жылы 13 - сәуірде дүниеге келіп, 2016 жылы 17 - қыркүйекте дүниеден өтті. 1977 жылы 9 - мамырда Қонысбекова Кәмила Заманбекқызымен шаңырақ құрып, Гүлмира, Саят, Гүлзира, Әлия атты балаларына жоғарғы білім беріп, тәрбиелеп, ұлын үйлендіріп, қыздарын құтты орындарына қондырды. 11 немересі, 1 шөбересі бар.

Үлкен немересі отау құрып, отбасымен Кореяда. Әділет Халық шаруашылығы университетінің 2 - курс студенті, Ақнұр Қазақ-Британ техникалық университетінің 2 - курсына оқиды. Қалған немерелері мектеп қабырғасында, білімімен, спорттық жетістіктерімен халықаралық, облыстық, аудандық, қалалық жарыстардың көш басынан көрінуде.

Дәтке қуат ететініміз Сұлтанхан Жайықұлының оты өшкен жоқ. Құдайға шүкір, ұл-қыздарының арқасында Кәмила апай қарашаңырақтың түтінін түзу шығарып отыр. Бұған да тәубә дей отырып «Орында бар оңалар» дегендей ағамыздың отбасына жақсылық тілейміз. Жақсы адамның екінші өмірі ұрпағымен жалғаса берсін!

Жомарт ИГИМАН.

Жарқын жүзі жадымызда

Сұлтан ағамыз сөзге берік, біртоға жан еді. Әр нәрсенің парқын ұғынды, өмірін ұстаздыққа арнаған асыл жары Кәмиланың қадіріне жете білді. Еңбегімен өмірде біраз белестерді бағындырса да

мақтаншақтықтан ада еді. Адамдарды жақсы көруге, жақсылық жасауға бейім еді. Өмірге күліп келіп, күліп кететін адамдардың сойынан еді. Тізбелей берсек, айналасымен тіл табыса білуі секілді

Отан қорғау - қасиетті борыш!

Отан қорғаушы! Қандай қасиетті де құдіретті сөз. Әскер қатарында қызмет етіп, Отан алдындағы парызын өтеу әрбір азамат үшін абыройлы міндетті. Себебі, туған жерді, елді, атамекенді қорғау – қасиетті борыш. Бұл дегеніміз – батырлық пен табандылық, отансүйгіштік пен Отанға шексіз қызмет етудің нышаны.

Қай заманда болсын, Отан қорғау, қасиетті қазақ жерін жау табанына басқызбау әрбір Қазақстан азаматының қасиетті борышы болып келген. Өзін ер азаматпын деп санайтын кеудесінде ар-намысы, бойында жігері, жүрегінде оты бар әрбір жан үшін ең басты парыз, ең басты адами міндет – осы.

Алайда соңғы уақытта азаматтарды әскери қызметке шақыру үлкен проблемалық мәселеге айналуда. Дей тұрғанмен аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлім тарапынан көктемгі мерзімді әскерге шақыру жұмыстары белсенді жүргізілуде.

Жалпы, әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ 18-27 жас аралығындағы азаматтар шақыруға жатады. Әскери қызметке шақырылуға жататын азаматтар жергілікті әскери басқару органының шақыру қағазы бойынша шақыру комиссиясына келуге міндетті.

Шақыру қағазын азаматтың жеке өзіне тапсыру мүмкін болмаған жағдайда оның келуін қамтамасыз ету тиісті ішкі істер органына жүктеледі. Әскери міндетті орындаудан жалтарған тұлғаларды іздестіруді де ішкі істер органдары жүзеге асырады. Бұл ретте, әскери қызметтен жалтару тиісті қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғатындығын еске саламыз.

Біздің елімізде жауынгерлік ерлік пен әскери қызмет ерекше құрметке ие. Отанымыздың тәуелсіздігін қорғау, мемлекеттің шекарасын күзету, халықтың тыныштығы мен әл — ауқатын қорғау-ерекше абырой мен сенім.

Өз тілшіміз.

Хабарландыру

●**Мейрамбаев Ахметкали Бейсенби-новичтің** атына тіркелген Сарқан ауданы, Қарабөгет ауылы, Мәнғали көшесі № 43 үйдің 0,3293 га көлемді жердің (кадастрлық нөмірі 03-263-008-446) уақытша (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беретін мемлекеттік тіркеу актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

●**Рыжиков Сергей Сергеевичтің** атына тіркелген Сарқан ауданы, Қарашыған ауылдық округі аумағында орналасқан 5,0000 га көлемді жердің (кадастрлық нөмірі 03-263-094-146) уақытша (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беретін мемлекеттік тіркеу актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

●**Сакаев Камалий Несипбаевичтің** атына тіркелген Сарқан ауданы, Сарқан қалалық округі аумағында орналасқан 54 га көлемді жердің (кадастрлық нөмірі 24-263-042-388) уақытша (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беретін мемлекеттік тіркеу актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

●Жекеше нотариус Алиева Асем Избасаровна тарапынан **Ақжоллов Серикбол Уразғалиевичтің** атына мұрагерлік іс ашылғаны туралы хабарлаймыз.

Хабарландыру

«Сарқан ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі», ҚР Экологиялық кодексінің 58 бабының 2 тармағына және 73 баптың 1 тармақтары сәйкес 2025 жылдың 14-ші сәуірден 18 сәуірге дейін жұмыс жобасының «Жетісу облысы Сарқан ауданы Алмалы ауылының су құбырын қайта жаңғырту және салу» жобасы бойынша «Қоршаған ортаны қорғау» жобасы бөлімін қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында (Ecoportal.kz) сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында қабылданады.

«Сарқан ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі», ҚР Экологиялық кодексінің 58 бабының 2 тармағына және 73 баптың 1 тармақтары сәйкес 2025 жылдың 14-ші сәуірден 18 сәуірге дейін жұмыс жобасының «Жетісу облысы Сарқан ауданы Екіаша ауылының су құбырын қайта жаңғырту және салу» жобасы бойынша «Қоршаған ортаны қорғау» жобасы бөлімін қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында (Ecoportal.kz) сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында қабылданады.

Объявление

ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции Сарканского района», в соответствии с требованиями пункта 2 статьи 58 и пункта 1 статьи 73 Экологического кодекса РК, сообщает, что с 14 по 18 апреля 2025 года на Едином экологическом портале (Ecoportal.kz) будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения раздела «Охрана окружающей среды» по проекту «Реконструкция и строительство системы водоснабжения с.Алмалы Сарканского района область Жетысу».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале для предоставления замечаний и предложений.

ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции Сарканского района», в соответствии с требованиями пункта 2 статьи 58 и пункта 1 статьи 73 Экологического кодекса РК, сообщает, что с 14 по 18 апреля 2025 года на Едином экологическом портале (Ecoportal.kz) будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения раздела «Охрана окружающей среды» по проекту «Реконструкция и строительство системы водоснабжения с.Екиаша Сарканского района область Жетысу».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале для предоставления замечаний и предложен